

Р.БЕРДІБАЙ ЖӘНЕ XX ҒАСЫРДЫҢ  
ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ  
ФОЛЬКЛОРТАНУ, ФИЛОЛОГИЯ,  
ТҮРКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

I

ТОМ

127

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

17.592  
545  
2008

Р.БЕРДІБАЙ ЖӘНЕ XX ҒАСЫРДЫҢ  
ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ  
ФОЛЬКЛОРТАНУ, ФИЛОЛОГИЯ,  
ТҮРКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*халықаралық ғылыми-теориялық конференция*

1-ТОМ

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті  
**КІТАПХАНА**  
Түркістан қаласы

— 270879 —

Түркістан-2008

**ББК 83.3 (5 Қаз)**

**Б 45**

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

**Редакция алқасы:**

Ташимов Л., Ергөбек Қ., Айменов Ж., Тұртабаев С., Мадуанов С., **Әбіл Ж.**

Жауапты шығарушы: ф.ғ.к. Ж.Камалқызы

**Б 45** «Р.Бердібай және XX ғасырдың екінші жартысындағы фольклортану, филология, түркология мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. 2 томдық. Түркістан: «Тұран» баспаханасы, 2008 ж.  
1 - том. - 440 бет.

**ISBN 978-601-243-047-9 (1-том)**

**ISBN 978-601-243-046-2 (общ)**

Жинаққа «Р.Бердібай және XX ғасырдың екінші жартысындағы фольклортану, филология, түркология мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары топталған. ҚР ҰҒА академигі Р.Бердібайдың әдебиеттану, фольклортану, түркология, әдеби сын және публицистикадағы еңбектерін бүгінгі күн тұрғысынан бағалап, ғалымның ұлттық ғылымға әкелген сонылықтары мен ұлттық мұраны қорғаудағы азаматтық биік парасаты туралы жасалған баяндамалар ғылыммен айналысып жүрген азаматтарға да, студент жастарға да, жастар тәрбиесімен айналысып жүрген оқу-ағарту саласындағы қызметкерлерге де, өнертанушылар мен саяси қайраткерлерге де, жалпы көпшілікке де өмірде пайдаға асатын қажет құрал бола алады.

**ББК 83.3 (5 Қаз)**

©ХҚТУ, 2008

## Құттықтамалар

### **ҚҰРМЕТТІ РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЙҰЛЫ!**

**С**ізді жақын қалған 80 жасқа толған үлкен Мерейтойыңызбен және осы орайда ұйымдастырылып отырған ғылыми-теориялық конференцияның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, ұлтжанды әрі зиялы азамат ретінде қоғамдағы алатын орныңыз өзгеше деп білемін. Сіздің еңбек жолыңыз бен азаматтық ұстанымыңыз – адамның өз өмірін туған Халқының мақсат-мүддесімен қаншалықты ұштастыра алатындығының жарқын мысалы деуге лайық. Халқымыздың ұлттық ой-санасын шыңдау орайында жазған еңбектеріңіздің әрдайым оқырман көңілінен шығып отыруы, ал бірнеше өткір мақалаларыңыз бойынша кезінде ел үкіметінің арнайы қаулылары қабылдануы – осының айқын айғағы.

Көп жылдар бойы Алматыдағы Халық университетінің жұмысына басшылық жасап, талапты жастарымызды талантты тұлғалармен табыстырып пікірлестіріп, жүректеріне өнер мен білімнің көусар нәрін құйған аса зор еңбегіңізді де халқымыз ешқашан ұмытпауы тиіс. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық пен игілік және еңбегіңіздің жемісін ұзағынан көре беруді тілеймін, конференцияның жұмысы жемісті болсын.

**Н.Назарбаев**

*Қазақстан Республикасының Президенті*

### **ҚҰРМЕТТІ РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЙҰЛЫ!**

**С**ізді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және өз атымнан 80 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Сіз тағдырдың ауыр жүгін арқалау пешенесіне жазылған аға буын өкілдерінің қатарында қызығы да мол өмір өткелдерін өткеріп, халқыңыз үшін, оның филологиясы үшін талмай еңбектеніп, міне, 80 жасқа толып отырсыз. Осындай өнегелі өміріңізді тілектес ел-жұртыңыз, әріптестеріңіз, шәкірттеріңіз үлгі тұтарлық ғалым жолы деп біледі.

Ел игілігіне арнаған барлық саналы ғұмырыңыз – еліміздің әдебиет тарихы, мәдени мұра, қазақ тілінің тағдырына арналып, ұлт мәдениетін көркейтуге зор үлес қосқан ұстаз ғана емес, әлем халықтары әдебиетінің өзара байланысын зерттеу арқылы құнды мағлұмат беріп келе жатқан ғалым ретінде де кейінгі ұрпаққа ұлағат.

Сыншылық, әдебиетшілік, фольклорлық, түркітанушылық, публицистік салалардағы ізденістеріңіз, монография, жарты ғасырлық таңдамалы шығармаларыңыздың томдық топтамалары, мақалаларыңыз ғылыми ой-өрістің айшықты үлгісі болып табылады десек – артық айтқандық емес.

Сіз ғылыми-ұйымдастырушылық, ұстаздық, студенттерге ғылыми бағыттағы басқарушылық тәжірибеңіз арқылы қазақ фольклоры бойынша ғылыми мектептің одан әрі қалыптасуына ұйтқы бола білдіңіз. Сіздің жетекшілігіңізбен отыздан артық докторлық және кандидаттық диссертация қорғалды.

Мағыналы да мазмұнды ғұмырыңыздың осы мерейлі де мәртебелі сәтінде Сізге Зор денсаулық, мол бақыт, отбасыңызға баянды береке, ғылым жолындағы ізгі ізденістеріңіз сара да салмақты соны табыстарға ұласып, әрдайым халық ілтипатына бөлене беруіңізге тілектеспін.

**Ж.Түймебаев**  
*Қазақстан Республикасының*  
*Білім және ғылым министрі*

### **ҚҰРМЕТТІ РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЙҰЛЫ!**

**С**ізді 80 жастың белесіне шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Сіз әдебиеттану, фольклортану және түркология салаларында ғұмыр бойы өнімді еңбек етіп, қазақ әдебиетінің көрнекті және кең танымал қаламгеріне, зерделі зерттеушісіне, ғибратты ғалымына, білімді ұстазына айналдыңыз. Әуезовтің ауыз әдебиетіндегі орны мен беделін халық ақындары мен жыршыларының бай мұрасын таныстырып насихаттауда елеулі еңбек жасадыңыз.

Шығыс әдебиетінің қазыналы еңбектерін қазақ оқырмандарына танытуда атакты Омар Хаям, Сағди, Хафиз және Науаи еңбектерін зерделеуге әдеби біліктілік пен мәдени жоғары таным көрсете білдіңіз. Публицист ретінде қоғамның сан саласындағы өзгерістер мен жаңалықтарға, ұлттық құндылықтардың сақталып дамуына үн қосып, жастар тәрбиесінде ағалық ақыл, ұстаздық ұлағат танытып жүрсіз. Ұлт мұраты мен намысына қатысты мәселелерде азаматтық көзқарасыңыз айқын көрінеді. Сіз әлі де жастарға үлгі-өнеге беріп, жан-жақты баулып келесіз. Сіздің азаматтық тазалығыңыз, адамгершілік парасатыңыз әрқашан қадірлеп құрметтеуге лайық.

Бүгінгі мерейлі күніңізде мен сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, отбасылық баянды бақыт, әулетіңізге амандық тілеймін!

**Қ.Саудабаев**  
*ҚР Мемлекеттік хатшысы*

### **ҚҰРМЕТТІ РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЙҰЛЫ!**

**С**ізді мәртебелі сексен жастың шыңына шыққан мерейлі тойыңызбен құттықтаймын!

Сіз қасиетті Түркістан өлкесінде дүниеге келіп, өмір жолын ауыр да абыройлы кеншіліктен бастап, бүкіл өміріңізді тарихи, мәдени, рухани

ізденіске арнап, ұлағатты ұстаз, ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор дәрежесінде де орасан зерттеушілік еңбек сіңірумен келесіз. Қазақ әдебиетінің, рухани әлеміміздің өркендеп, дамуы сіздің білгірлігіңізбен, қайраткерлігіңізбен тікелей байланысты. Сол үшін сізге, сіздің қажымас еңбекқорлығыңызға, тынымсыз жанашырлығыңызға ризашылық білдіріп, рахмет айтамын.

Сізге және отбасыңызға зор денсаулық, қажымас қайрат, таймас бақыт тілеймін.

**Қ.Сұлтанов**

*ҚР Парламенті сенатының депутаты*

### **ҚҰРМЕТТІ РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЙҰЛЫ!**

**С**ізді сексен жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Ұлттық ғылым мен әдебиетіміздің, атап айтқанда фольклортану саласының аса көрнекті өкілі ретінде сіздің есіміңіз өз елімізде ғана емес, сондай-ақ шет елдерде кеңінен танымал. Қарапайым кеншіден басталған еңбек жолыңызда өнер мен әдебиетке деген ерекше күштарлықтың алға жетелеуімен Қазақ мемлекеттік университетінде Мұхтар Әуезовтен дәріс тыңдау бақытына ие болдыңыз. Табиғи талантыңызды ұштап, даңқты ұстаз сенімін ақтау үшін үздіксіз оқу мен іздену нәтижесінде бүгінде сіз қазақ әдебиеттану ғылымына орасан зор үлес қосқан ғалым-академик дәрежесіне дейінгі ұзақ та өнегелі жолдан өттіңіз.

Осы жылдар ішінде сіздің қаламыңыздан шыққан көптеген құнды еңбектеріңіз бен монографияларыңыз тамырын тереңге тартатын ауыз әдебиетіміздің, ұлттық тарихымыздың беймәлім беттерін ашып, уақыт талабына сай жаңа сапада зерттеуге даңғыл жол ашты. Мұндай абыройлы мақсатты көздей отырып жазған мазмұнды оқулықтарыңыз еліміздің болашағы – жас ұрпаққа сапалы білім беру мен озық тәрбиелеу ісіне зор үлес қосуда. Бүгінде ғылыми жетекші әрі ұстаздық қызметтеріңіздің шапағатын көрген мындаған шәкірттеріңіз ғылыми жолыңызды абыроймен жалғастыруда.

Сіздің ел тағдырына, атап айтқанда экология, тіл, мәдениет, жалпы руханият бойынша өзекті мәселелерге байланысты жазған мазмұны терең мақалаларыңыз мемлекетіміздің гуманитарлық салада орнықты дамуын қамтамасыз етуге игі ықпалын тигізуде.

Бүгінгі торқалы тойыңыз құтты болсын! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық пен игіліктер тілеймін.

Әрдайым халқыңыздың қапысыз құрметі мен ыстық ықыласына бөлене беріңіз.

**Қ.Тоқаев**

*ҚР Сенатының Төрағасы*

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

### ЫСҚАҚҰЛЫ Д.

филология ғылымдарының докторы, профессор  
Сүлеймен Демирел университеті

### ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН

Қоғам қайраткеріне айналған әрбір адамның еңбегі оның ұлтқа, халыққа сіңірген қызметіне қарай бағаланады. Оның атқарған жоғары лауазымды қызметі миллиондап, миллиардтап есептелетін байлығы, алған атақтары кей жағдайларда адамның азаматтық өлшемі бола алмайды. Өз қамы үшін түрлі күйтырқы әрекеттермен жиналған байлық, қулық-сұмдықтармен жеткен биік лауазым, биік атақ, марапаттар ол адамның мықтылығын көрсете бермейді. Шын азаматтар жеке басын күйттемей, елінің ертеңімен өмір сүреді; халқының мұңын мұндап, жоғын жоқтайды; өзінің бақытын халқының жарқын болашағынан көреді; өмірін сол жолдағы күреске арнайды. Әдетте, оларды билік басындағы кейбіреулер ұната бермейді, есесіне халық құрметіне бөленеді. Ата қазақ Аханның – Ахмет Байтұрсыновтың «Ел – бүгінгі үшін, менікі – ертеңгі үшін» деуін де осы тұрғыдан түсіну керек.

Адам шыр етіп өмірге келгенде, ол таза періште болып туады. Есейе келе түрлі әлеуметтік қарым-қатынастарға түсіп, шыңдалады; небір катал сындардан өтеді. Абай айтпақшы, замана, өмір адамды билейді. Көп адам заманына орай өмір сүреді; кейбіреулер тіпті «заманына қарай амалы», «заманың түлкі болса, тазы болып шал» дегенді өзінше түсініп, заман осылай, мен де осылай істеуге мәжбүрмін деп, небір айла-шарғыларға барып жатады. Заманға қарай бейімделмегендер мына өмірден өзіне лайықты сыбағасын ала алмай, әділетсіздіктерге ұшырап, табанға аяусыз тапталады. Ал енді бір «еменге қарсы біткен бұтақтай» рухы мықтылар өмірдің небір алмағайып өткелдерінен қолын, арын былғамай, аман-есен өтіп, еңсесі жығылмай, керісінше қоғамдық-ұлттық дамудың алтын дінгегі ретінде халықтың ыстық ықыласына бөленеді. Өзінің бүкіл ғұмырын халқының рухани мұрасын түгендеуге арнаған ұлтын сүйген сондай санаулы азаматтарымыздың бірі болса, бірдің бірегейі – Рахманқұл Бердібай.

Әдетте, қоғам қайраткерін замандастары бірде олай, бірде бұлай толғап, әділ бағалай алмауы мүмкін. Бұған заманның сипаты, бақталастық, көре алмаушылық сияқты көптеген объективтік, субъективтік факторлар да айтарлықтай әсерін тигізетіні бар. Жиырмамыншы ғасырдың басында «қазағым» деп шыққан бір топ алашшыл қайраткерлердің кеңестік кезеңде өзіне лайықты бағасын ала алмай, елімізде тәуелсіздіктің туы тігілгеннен соң барып, ұлттың үлгі тұтар эталондарына айналуын осымен түсіндіруге болады. Кезінде Ахандар өздерін халық жауы ретінде қудалағандарға арнап, «Асықпандар, артымызда қазы бар, тексеріліп, сүйегіміз таразыға әлі талай тартылар» деген көрегендікпен айтқан сөздері бұл күндері өмір шындығына айналып отыр. Тіпті, ұлы Абайдың өзі де шын бағасын еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін барып алып жатқан жоқ па?! Солай десек те, күні бүгінге

дейін Абайдың шаужайына жармасулар тоқтамауда. Көп реттерде заманынан озық туған азаматтардың кезінде өзіне лайықты бағасын ала алмай жататындығы да өмір шындығы.

Құдайға шүкір, бүгін біз «қазақ» деп, «елім» деп, «тілім» деп, «түрік» деп ғұмыр кешкен, өзінің өміршең идеялары үшін күресе жүріп, қыруар еңбек сіңірген алаштың айтулы азаматтарының бірі Рахманкүл Бердібайды ұлықтап жатырмыз.

Р.Бердібай мына жарқ-жүрқ еткен қызыл-жасылы көп жалғанның қызығын малданып, белшесінен былыққа батып жатқандардың санатынан емес, есейіп, ат жалын ұстап өмірге араласқалы бері адамшылықты ту етіп, азаматтықтың үлгісін көрсетіп келеді. Ол өзінің жазған алғашқы мақалаларынан бастап-ақ қазақ халқының тағдыры оның тілінің тағдырымен тікелей байланысты екенін ашына көтерді. Рахаңа құлақ салайық: «Қазіргі қазақ тілі – адамзаттың ең ұлы ойшылдарын өз тілінде сөйлете білген бай тіл болып саналады. Ол бұдан былай да көркейе, жандана бермек. Қазақ тілінде дүниежүзілік әдебиет қазынасына қосарлық тамаша көркем шығармалар жасалды.

Алайда, біздің арамыздан осы шындықты ескермейтін жолдастар да табылады. Ондайлардың зияны да аз болып жүрген жоқ... Коммунизм тұсында бір тіл екінші тілді женеді деген тұжырымды кейбір жолдастар қазіргі өмірге қолданатын аксиома санайтын көрінеді. Мұны нағыз зиянды көзқарас деп атамасқа болмайды... Мұның ақыры неге соғатынын өмірдің өзі көрсетіп келеді. Бізде қазақ тілінде жаза білетін инженер, агроном, зоотехник, физик дегенді ілуде бір кездестіруге болады. Мұның өзі көп жағдайда кісі күлерлік жайға душар етеді. Қазақ интеллигенті ана тілін білмейді! Ең қынжыларлығы сол – бұл мәселені кейбір жолдастар әбден табиғи, заңды көрініс деп санайды. Ол ол ма? Халқымыздың мақтанышы болып саналарлық профессор, ғылым кандидаттарының дені қазақша кітап түгіл, кішкене мақала да жаза алмайды. «Самарқанда бір қызым бар, бұдан һәм сорақы» деген екен біреу. Біздің басшы қызметте отырған қазақ жолдастардың біразы да қазақша сауаттымыз деп мақтана алмаса керек» [1]. Осыдан жарты ғасыр бұрын айтылған бұл пікірлер қазірге дейін өзінің зәрулігін жоғалтқан жоқ. Бір таңқаларлығы, бүгінгі күні осыдан елу жыл өтсе де бұл жағдайдың оншалықты көп өзгере қоймағанын көреміз. Бұрынғы жағдайға отаршылар кінәлі болса, бүгінгі тәуелсіз елімізде бұған кім кінәлі?

Қазақ ұлты үшін өткір де өзекті мәселені қозғаған бұл мақала ұзақ жылдар бойғы қуғындаулардан есеңгіреп қалған қазақ қауымын дүр сілкіндіргендей болды. Бойында ұлттық қаны бар қазақтардың ұлттық намысы оянып, руханият айдынында нажағайдай жарқ етіп, атой салып, жұртшылықтың жүрегін дір еткізіп, сәуле шашқан мақалаға үн қосты. «Ең үлкен мәдени байлықта көтерілген ұлттық тіл, ұлттық мәдениет, оның қазіргі мүшкіл халі, оны жандандыруға бағытталған іс-шаралар туралы ұсыныстар көптің ойынан шығып, аяғы ұлт мәдениетін жан-жақты дамытуда көздеген келелі пікіралысуларға ұласты. Бұл мақала кеңестік кезеңнің құрсауына қамалып, тұншыққан ұлттық рухты босатып жібергендей болды. Бұған 1955



жылдан бастап қайта шыға бастаған «Қазақ әдебиеті» газеті үлкен мұрындық болды. Осы басылым бетінде Ә.Нарымбетовтің «Ана тілін ардақтайық», Т.Кәкішев бастаған партия тарихы институтының бір топ қызметкерлерінің «Тіл мәдениеті», Т.Қожакеевтің «Ұлттық сезімді ұмытпайық», М.Қаратаевтың «Қайта қарауды қажет ететін мәселелер», Қ.Тұрғанбаевтың «Тағы да әдеби мұра жайында», Ғ.Мұсабаевтың «Әдеби мұраны бұрмалаушылыққа қарсы», т.б. мақалалар жарық көріп, көптен жабық жатқан тақырыптарға қозғау салды. Бұларда содырлы саясаттың салдарынан өлмеші күн кешіп жатқан қазақ тілімен қатар әдебиеті мен өнерінің де зәру мәселелері батыл көтерілді.

Раханның осы кезде жазған, тоқталмай кетуге болмайтын, тағы бір мақаласы – «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері» [2, 3]. Автор мұнда қазақ әдебиетінің озбыр саясаттың кесірінен қозғалмай жатқан бай мұрасын игеруге шақырды. Бұл кездерде қазақ әдебиетінің тарихын XVIII ғасырдан, яғни Бұқар жыраудан бастап жүрген. Оған дейін қазақ халқында әдебиет болған жоқ, болса ол ауыз әдебиеті ғана деп келген болатын. Сол кезде үстемдік құрған марксизм-ленинизм ілімі бойынша, фольклор әдеби дамудың төменгі сатысы, ал шын мәніндегі әдебиет жазба әдебиет деп есептелетін. Міне, осы бір қазақ халқының ғасырлар бойы сөз маржанын теріп жасаған әдеби мұрасын қаралап, оны руханият айдынынан шығарып тастауды көздеген, ұлт үшін аса зиянды концепцияға Б.Кенжебаев бастаған ұлтжанды азаматтар ашық қарсы шықты. Ол кезде мұндай пікірге жол жабық болатын; бұлайша сөйлеу сол кездегі саясатқа, яғни марксизм-ленинизм теориясына негізделген социалистік мәдениет жайлы ілімге қайшы келетін. Жұрттың бәрі социалистік реализм әдебиетінің «артықшылықтарын», «өміршендігін» дәлелдеп, жаппай жарысқа түсіп жатқанда Р.Бердібай тағы да қиғаш кетті.

Мақалада қазақ әдебиетінің, әсіресе оның тарихын зерттеудің аса зәру мәселелері батыл көтерілді: «Әдебиет тарихын зерттеудегі басты кемшілік қайсы?.. Бәрінен бұрын көптеген зерттеулер мен мақалаларда көркем әдебиеттің өзіндік ерекшелігі ескерілмеді. Ғылыми дәлелдің орнына жалған саясатшылдық, догма үстем болып келді. Шығармалардың рухы ескерілмей, жекелеген фактілер ғана есепке алынды. Сол себепті қазақтың бай ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті күс түткендей жұлмаланып, шым-шытырық болды. Әдеби зерттеулерде ғылыми тереңдіктен гөрі, нигилистік «ұр да жық» әдет басым орын алды... Әр заманның әдебиетінде өз дәуіріне лайық идеялардың ғана айтылатынын мойындамадық. Көркем шығармадан «идеялылық» дегенді бөліп алып, жеке дара қараушылық пайда болды. Есте жоқ ескі заманда туған шығармаға да қазіргі күннің талабы тұрғысынан қарадық. Көркем шығармада бай-молданың аты аталса, нағыз бисаясаттық болып көрінді.

Әрине, бірыңғай социалистік мәдениет жасау міндеті (мұны ұлт мәдениеттерін орыстандыру деп түсініңіз) алға негізгі мақсат ретінде қойылып жатқанда ұлттық мәдениет мәселелерін көтеру жоғарыдағы билік басындағыларға ұнамады. Көп ұзамай-ақ, осы мәселені батыл көтерген

«Қазақ әдебиетінің», Р.Бердібай бастаған авторлардың мәселесі 1956 жылдың қазан айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мәжілісінде қаралды. Онда «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы С.Мәуленов, оның орынбасары Ж.Молдағалиев, жауапты хатшысы Т.Әбдірахманов қызметінен босатылды. Р.Бердібайдың «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері» атты мақаласын жариялағаны үшін «Әдебиет және искусство» журналының редакторына қатаң сөгіс берілді, ал осы мақаланы көшіріп басқан «Көкшетау правдасы» газетінің редакторы Ө.Оспанов қызметінен босатылды. «Ең үлкен мәдени байлықта» көрсетілген кемшіліктерді «жою үшін» он пункттен тұратын қаулы қабылданды. Осылардың барлығына негізгі күнәһар Р.Бердібайдың да басынан сипай қойған жоқ; ол сол кез үшін аса ауыр жаза – партия қатарынан шығарылып, саяси жағынан сенімсіз болғандықтан да баспасөзде жұмыс істеуге болмайды деп, қызметінен босатылды.

Осы кезде Р.Бердібайдың «ұлтшылдық жат пиғылдарын» талқандауға ерекше көңіл бөлінді. Республиканың бас газеті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің органы «Социалистік Қазақстан» газеті «Қазақ халқының мәдениетін көркейте берейік» («СҚ», 29.01.1957), «Бір зиянды мақала» («СҚ», 05.02.1957) атты мақалалар жариялап, Рахманқұлдың мақалалары саяси, партиялық тұрғыдан зиянды, халыққа жат деп бағаланды. Бұдан «Қазақ әдебиеті» газеті де қалыспады. Онда жарияланған «Әділ сын, алғы міндеттер» (01.02.1957) және «Ұшқары пікірлер, елеулі қателер» (08.02.1957) атты мақалаларда Р.Бердібайдың ұлтшылдық бағыттағы пікірлерін идеялық жағынан талқандауға едәуір көңіл бөлінді.

Күннің көзін алақанмен қалқалай алмайтының сияқты, қазақтай бүкіл бір халықты ұлттық болмысынан, ол үшін тілінен, мәдениетінен бірден айырып тастау мүмкін емес-тұғын. Отаршылдық жүйе қазақ халқын ұлттық жадынан айыру үшін не бір қитұрқы әрекеттерге барып жатқанымен бұқара халықтың оған деген іштей қарсылығы әбден пісіп-жетіліп, сыртқа атылып шығуға сәл-ақ қалып тұрған болатын. Сталин қайтыс болғаннан соң бір аз ғана уақыт болған жылымықты пайдаланып Р.Бердібай бастаған бір топ ұлт зиялылары бастарын бәйгеге тіге отырып, халқының көкірегінде мұз болып қатып қалған арман-аңсарларын батыл айта білді. Б.Момышұлы айтпақшы, ерлік соғыс кезінде ғана жасалынбайды; бейбіт кезде де өмірдің барлық салаларында да жасалынуы мүмкін. Сондай ерлікті руханият майданында түпкі мақсаты қазақ ұлтын жойып, совет халқына айналдыру болған, басынан башпайына дейін марксизм-ленинизм ілімдерімен мұздай қаруланған советтік идеологияға қарсы күресті Р.Бердібай жасады. Жаугершілік замандарда жаудан жеңіліп, әскерлер шегіне ұрысқан кездерде ата-баба рухын, аруақтарды шақырып, жауға қарсы жеке шапқан қас батырлар болмаушы ма еді, сол кезде оның артынан рухтанған жасақтар батырдың соңынан еріп, жаудың быт-шытын шығарып жеңбеуші ме еді? Міне, Р.Бердібайдың осыдан елу жыл бұрын атақты мақаласының жариялануы Сталиндік социализм саясатының екінші дүниежүзілік соғыста жеңіп, әлемнің үштен бірінде салтанат құрып, енді дүние жүзін өзіне қарату

мақсатын алға қоя бастаған кезде бодан болғандығына жүз жылдан асып кеткенімен де қазақ халқының ұлттық рухының сынбағанын көрсетті. Өз халқының бар жақсы қасиеттерімен суғарылып, тәрбиеленіп өскен Рахманкүл қазақ ұлтының озық ойлы азаматы ретінде өзінің ғана емес, бүкіл қазақ ұлтының ұлттық ой-армандарын қорықпай, ашық білдірген еді. Рахманкүлдың басын бәйгеге тігіп жасаған бұл әрекеті руханият майданында жасаған ерліктің асқан үлгісі дерлік.

Қазақ әдебиетінде елу жылдан астам еңбек етіп келе жатқан Р.Бердібай қаншалықты қиындықтарға қарамастан осы алған бетінен, яғни ұлтқа қалтқысыз қызмет ету бағытынан тайған емес. Рахманкүлдың елу жылдық шығармашылық жолы – ұлтқа әдебиет, мәдениет, ғылым арқылы қызмет етудің жарқын көрінісі.

Ұлттық рух, сол рухты ұлықтау оның бүкіл еңбектерінің негізгі сарынын құрайды. Раханның әрбір мақаласынан, зерттеулерінен, монографиялық еңбектерінен, тіпті қарапайым тіршілікте сөйлеген сөздерінен ұлтым деп соққан ұлы жүректің лүпілі сезіліп тұрады. Р.Бердібайдың еңбектерінің бүкіл өн бойынан ұлтының ертеңіне деген қам, аландаушылық байқалады. Рахан айтқан ойлар ұлттық идеяларды жаңа заманға орай жаңғыртып, жетілдіріп, толықтырып жатады. Егер қазір біз қазақтың ұлттық идеологиясы бар дейтін болсақ, Р.Бердібай соны жасаушылардың бірі, қазіргі қазақ ұлтының идеологиясының көш бастайтын көсемдерінің бірі дер едік.

Р.Бердібай былай деп жазады: «Әрбір ел өзінің өткен жолын, жетістіктері мен жеңілістерін, асыл дәстүрлерін, адамшылық тәжірибесін біліп, жақсы үрдістерден тағлым алып, қателіктерді қайталамауға ұмтылуы керек. Әсіресе, басқыншы күштердің жауыздықтары салдарынан көңілі жер болып, өзіне деген сенімнен айырылып, жақсылыққа да жамандыққа да селт етпей, мәңгүрттеніп кеткен қауымның рухын қайта тірілтуге атсалысу парыз [4. 60]. Тағы бірде былайша толғанады: «Әдебиет әлеміне аяқ аттап келгелі бері өз жағдайымнан гөрі қоғамдық мәселелерді көбірек ойлау, өмірдегі ұнамды құбылыстарға сүйіну, сұмдықтарға деген қарсылығымды ашық айту дағдыма айналған» [4. 265].

«Қызығым да, рахатым да, қасіретім де – қазақ, қазақтың тарихы, бай мұрасы. Таяқ жейін, мейлі үлесімнен құр қалайын, қазақ үшін істеген әрекетімнің бәрі қуаныш» [5. 122].

Р.Бердібайдың пайымдауынша, қазақтың басына төніп тұрған үш түрлі қауіп бар. Олар: жер, тіл, дін. Осы мәселелерді дұрыс шешсек қана тұғырлы ел болып қаламыз; бұлардың күнделікті тұрмыс-тіршілікте, қоғамдық өмірдің түрлі салаларында дұрыс шешілмеуі елдің болашағын бұлыңғыр етеді. Рахан ең алдымен, жерді көздің карашығындай сақтау керектігін еске салады. Өйткені, әрбір адам ана сүтімен ер жететін болса, әрбір халық Жер-Ананың аясында өмір сүріп, тіршілік жасай алады. Жері жоқ халықтың өсіп-өнетін жағдайы жоқ; сондықтан да оның болашағы бұлыңғыр. Жер бетіндегі соғыстың барлығы дерлік, біреудің жерін, оның қойнауындағы байлықты басып алу үшін жасалынған. Мәде сияқты ата қазақтар туған жердің бір тұтамына дейін өзгеге беруге болмайтынын, оны қалай қорғау керектігінің

асқан үлгісін көрсетіп кеткен. Рахаң еңбектерінде жердің тұтастығын, экологиясын сақтауға шақырады. Табиғатты дұрыс пайдаланбаудың салдарынан қазақ жеріне төнген экологиялық апатқа назар аударады. Жерсуды ластауға, бұзушыларға қарсы шығып, табиғаттың заңдарына орай өмір сүруге шақырады.

Р.Бердібай әдебиетші, ғалым болғандықтан да тіл, мәдениет, дін мәселелеріне көбірек көңіл бөледі. Ол «Қазақ елі еңселі ел болуы үшін:

- Қазақ тілінің республикада бірден-бір мемлекеттік, ресми және ұлтаралық тіл екенін тұжырымдайтын Ата Заң бабы қабылдануы;

- Отаршылдар тарапынан жасалған зорлық-зомбылық салдарынан жат елдерге ауып кеткен қазақтардың ата-мекеніне толық қайта оралуын ұйымдастыру Қазақстан Республикасының мемлекеттік уазипасы деп мойындалуы;

- Қазақстанда тұратын барша диаспора мен этникалық топтар қазақ тарихы мен тілін білетін болуы;

- қазақ халқының дәстүрлі діні – ислам дінінен аздыру, қазақ жастарын өзге діндер мен конфессияларға тартып шоқындыру әрекетін ашықтан-ашық жүргізіп келе жатқандарға тыйым салынуы тиіс» («Дәстүр қуаты», 2005, 24-бет).

Рахаң бүлініп жатқан істі басынан бастауды ұсынады. Ең алдымен, еліміздің аты «Қазақстан Республикасы» дегенді «Қазақ Республикасы» деп жөндеуден бастауды ұсынады. «Токетері, мемлекеттің аты «Қазақ Республикасы болмайынша, елдегі барша жұртшылық қазақ халқының төңірегіне ұйыспайынша, келешегіміз күнгірт болмақ» («Дәстүр қуаты», А., 2005, 30-бет).

Раханнның пайымдауынша, «Қазақстандық ұлт» деген теориялық жағынан да, тәжірибелік тұрғыдан да болмайтын іс» («Дәстүр қуаты», А., 2005, 28-бет); «Азаматтық қоғам» - америкалық модель...» «АҚШ-тың мысалы бізге үлгі болуға жарамайды» (сонда 29-бет). «Ел боламыз десек, «ұлт» деген сөз ұлықталмай, тереземіз теңеспейді», «Біз қазақ еліміз, демек мемлекеттің де бірінші парызы қазақ ұлтының еңкейген еңсесін көтеру, ұмытылған есесін қалпына келтіру, ал республикадағы түрлі ұлт диаспораларының бақыты қазақ халқының тарихи орны мен құқын мойындап, достық, ынтымақпен өмір кешулеріне байланысты» дегенді анық айтсақ, ешкімнің де өті жарылып кетпейді» (сонда, 62-бет); «Қазақ адамы бұрынғы билеуші ұлтқа көзсіз құлдық ұру психологиясынан арылсын, өздері басқаларға құр еліктей бермей, ентігін бассын, жерімізді мекендеп отырған тағдырлас жұрттарды өзінің ауқымына тартсын, қазақ мәдениетін құрмет тұтқандарды қолдасын» (сонда, 61-бет); «Ұлттың бүгіні мен болашағы Ата Заңмен қорғалуы керек» (сонда); Қазақстан Конституциясынан ұлттық рух сезіліп тұру керек. Бізде қазір ол жоқ.

Р.Бердібаевтың еңбектері ұлттың негізінің негізі болып табылатын тіл туралы құнарлы ойларға аса бай. «Елім», «жерім», «қазағым» деп өткен алаш ардақтылары «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілінің кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді»; «Тілсіз ұлт, тілінен

айырылған ұлт ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ» (Мағжан); «...Әр халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуының сақталуы» (Ахмет); «Ана тілінде сөйлей алмайтын адам – мәдениетсіз» (Мұхтар); «Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» (Ғабит); «Мұралардың ең қымбаты – сөз» (Ғабиден) деп, тілдің ұлт өміріндегі шешуші орнын кейінгі ұрпаққа өсиет ретінде қайта-қайта ескертіп өтсе, сол дәстүрді бүгінгі күні жалғастырып келе жатқан аға ұрпақтың ту ұстаушыларының бірі де осы - Рахманқұл Бердібай.

Раханның қазіргі қазақ тілінің жай-күйіне көңілі толмайды. Ол: «Дүниедегі баға жетпес асылымыз, мәңгілік қазынамыз – ана тіліміз ресми түрде мемлекеттік тіл мәртебесін алғанмен, қадір білмес қаскүнем дұшпандар мен өз ішімізден шыққан аты қазақ, заты дүбәралардың, намыссыз мансапқорлардың кесірінен жылдар бойы қақпақылға түсіп келеді» («Ел боламыз десек» А., 2000, 81-бет) – деп реніш білдіреді. Қазақ тілінің қас дұшпандары ретінде мәңгүрттер мен көзқамандарды атап көрсетеді: «Мәңгүрттер есінен айырылған міскіндер болса, көзқамандар – елдігімізге саналы түрде қарсы шығатын қаскүнемдер... Осындайлар істің басында қаптап отыр... Міне, осы бейдауа дерт біздің қоғам денесінде бар» (сонда, 122-бет). Бұдан артық қалайша қатты айтуға болады. Рахаң ештеңеден тайсалмай, халықтың ойларын барынша ашық, ашына айтудай-ақ айтып жатыр – есітерге құлақ болса. Осындайда Абайдың «баяғы жартас бір жартас» дегені еске түседі.

Ұлтжанды азаматтың қазір «Ұлтшылдық дегенді бізге құбыжық етіп көрсетіп келгендердің жат пиғылын түсінетін уақыт жетті. Ұлтшылдық деген – өз халқын құрметтеу, сүйу» («Ел боламыз десек...», А., 2000, 47-бет) – дегенін әрбір қазақ еске ұстағаны жөн. Бұл жерде Мұстафиннің «бұрын ұлтшылдықпен күресіп келіп едік, енді ұлтсыздықпен күресуіміз керек» дегені ойға оралады.

Рахаң рас айтады, біздің әрқайсымыз қазақ болып туылған соң, қазақ болып өмір сүруіміз, сол қазақтың ертеңінің жарқын болуы үшін күресе білуіміз керек; ол тек ұлтын сүйген ұлтшылдардың ғана қолынан келеді.

Қазір кейбіреулері қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде өзіне лайықты орнын ала алмай жүргеніне халықтың өзін кінәлайтын болды. Ал, Рахаң болса «Менің айтатыным: тілді тірілтем десе де, мемлекет тірілтеді, өлтірем десе де мемлекет өлтіреді. Халықтың еш жазығы жоқ» [4. 33] – дейді.

Р.Бердібай қазақ тілінің ұлт өміріндегі аса маңызды орнын қалпына келтіру үшін Конституцияға «Мемлекеттік тілді құрмет тұту және үйрену - Қазақ Республикасы азаматтарының қасиетті борышы» деген қосымша енгізуді ұсынады. Ол «Тілімді неге қорлайсындар» деп теңдік сұрайтын мезгілдің жеткенін көрсек, одан артық қуаныш болмас еді» [5. 177] – деп ағынан жарылады. Бұл жерде жеке басының мүддесі туған халқының қуанышы мен қасіретіне ортақ болып кеткен үлкен жүректі азаматтың нар тұлғасы анық көрінеді.

Рахманқұлдың еңбектерінде қазақ тілі мен әдебиетінің ғана емес, ұлттың рухани өмірінің сан қырларына ойлы көзбен қараған парасатты пікірлер

баршылық. Ғалымды қазақтың ертеңгі болашағы көп толғандырады. Ол «қазақтың өз бірлігі, түркі бірлігі, ислам бірлігі – осы үшеуі біздің ел болуымыздың шарты» [5. 113] деп біледі. Осындағы қазақтың өз бірлігі негізінен қазақ тілі арқылы сақталынса, оған қосымша тағы да діни тұтастықтың аса қажет екендігін ескертеді. Тәуелсіздік туын жаңа көтерген еліміздің сыртқы және ішкі жаулары енді іштей іріту жолына түсті. Елімізде жүріп жатқан демократияландыру үрдісін пайдаланып, әлемде бар түрлі діни конфессиялардың ішке кіріп жатуының түпкі мақсаты «қазақ халқын өзінің түп қазық дінінен айыру екенін» [5. 80] ескертеді. Сонымен бірге «бүкіл діннің басын қосамын деу күмәнді тірлік... Діннің бәрін теңестіру – ешбір императордың қолынан келетін шаруа емес» [4. 36] – деп, өз ойын ашық айтады. Ал, мұның өзі қазір ресми биліктің Қазақстанды әлем діндерінің орталығына айналдыру мақсатымен сәйкес келе бермейтіндігі кім-кімді болса да ойландырмай қоймайды.

Азаттықтың ақ байрағын көтеріп, енді ел боламыз деп, етек-жеңімізді жинап, бар-жоғымызды түгендей бастағанымызда жаһандану деген тағы бір жалмауыз аузын арандай ашып келеді. Әлемнің көптеген елдері жаһандануға жұтылып кетпес үшін қам жасай бастады. Ал біз болсақ, жаһандану болмай қоймайтын, әлемді өркениетке апаратын бірден-бір жол деп, құшағымызды айқара ашып қарсы алып жатырмыз. Бұл үрдіске ұлт зиялылары не дейді?

Раханды тыңдайық: «Ғаламданудың мақсаты – халықты тарихынан, дәстүрінен, әдет-ғұрпынан бездіріп, дүниеге көзқарасын өзгертіп жіберу. Ғаламдану идеологтары жас қауымды тек қарнының тоқтығын, киімінің бүтіндігін ойлайтын мәнгүрт етуді көздейді» [4. 47].

Р.Бердібай қазақ елінің болашағын тереңінен ойлайды. Ол Қазақстанның әлемдік өркениетте өзіне лайықты орнын алу үшін түркі халықтарының бірлігі қажет деп біледі: «Түркі дүниесінің бірлігі – біздің болашағымыз» [5. 113], «...Түрік халықтарының бұдан былайғы жерде көктеп, көгеретін бір-ақ жолы бар. Ол – Ататүрік салған жол – түрікшілдік жол. Осы ұран ХХІ ғасырдағы ұлы идеямыз болсын» [5. 208]; «Біздің идеологиямыз түрікшілдік идеология, ұлтшылдық идеология болу керек» [5. 47]. Ал, Рахаң айтып отырған «Ататүрік салған жол» қандай жол еді. Ататүрікті тыңдайық: «Ең алдымен мен біртұтас түркі ұлтшылымын, солай тудым, солай өлемін. Түрік бірлігінің күндердің күнінде шындыққа айналатынына сенімдімін. Өзім ол күнді тікелей көрмесем де, оны түсімде көре отырып көзімді жұмамын. Түрік бірлігіне сенемін, оны көріп те тұрмын. Ертеңнің тарихы өзінің жаңа кезеңдерін түрік бірлігімен бастайтын болады. Әуелі бейбітшілік пен тыныштықты сол кездерден табады» (Фадли Әли. Ататүрік. «Қазақ», 5.Х.2007). Бұл жерде Р.Бердібай ойларының бүкіл түркі әлеміне көтерілгенін, түркі халықтарының ұлы көсемі Ататүрікпен үндес жатқанын көреміз.

Р.Бердібай тағы бірде мен «қандай мәселеге қалам тартсам да ең алдымен, халқымның мұрат-мүддесін алғы кезекке шығарғым келді. Менің кітаптарым мен мақалаларымның негізгі бір-ақ тақырыбы бар. Ол – халқымның тарихы, тағдыры, бұрынғы халі, қазіргі жағдайы және келешегі хақында толғаныс» [4. 57] – деп, сырын сыртқа шығарыпты.

Шындығында да, Р.Бердібайдың бүкіл саналы ғұмыры халқына қызмет етуге арналған. Ол – халқының жоғын жоқтап, мұнын мұндап жүрген қазіргі қазақтың Қорқыт атасы. Ғалымды халқының қазіргі рухани жағдайы көп ойлантады. Сондықтан да қайтсек келешегіміз кемелдене түседі деген ащы толғаныстарын қағаз бетіне түсіруден танбай келеді.

Иә, осыдан сексен жыл бұрын киелі Қаратаудың қасиетті қойнауында өмірге келіп, түркі атаулының түпқазығы Түркістанның топырағынан түлеп ұшқан мұзбалақ бүгінгі күндері қазақ ғылымының, қазақ руханиятының ақсақалына, жұртты аузына қаратқан абызына, қазіргі қазақтың арнамысына, бар жақсы қасиетін бойына сіңірген данасына, одан қалды түркітануға елеулі үлес қосқан атакты түркітанушыға, бүкіл түркі халықтарын бірлікке шақырған қоғам қайраткері биігіне көтеріліп отыр. Елінің ертеңі ұлттың даму жолында жатқандығын айтумен бірге ұлтын ұлықтау жолында қайтпас ерліктер жасап келе жатқан ғұламаның өміршен ойлары халқының жүрегінен ұялап, рухын көтеріп, өміршендігін танытуда.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бердібаев Р. Ең үлкен мәдени байлық //Қазақ әдебиеті. 22.IV.1956.
2. Әдебиет және искусство. 1956, №12.
3. Көкшетау правдасы. 04.01.1957.
4. Бердібаев Р. Дәстүр қуаты. А., 2005.
5. Бердібаев Р. Ел боламыз десек... А., 2000.

## МОЛДАХАНОВ Ә.

филология ғылымдарының докторы, профессор

### АКАДЕМИК Р.БЕРДІБАЙ – АЙТЫСТЫ ЗЕРТТЕУШІ

Аса көрнекті фольклортанушы ғалым Р.Бердібайдың халық ауыз әдебиеті саласындағы өнімді зерттеген екі жанрды ерекше атап айтуға болады. Біріншісі – қазақ және түркі халықтарының эпосы, екіншісі – айтыс жанры.

«Р.Бердібай – эпостанушы» тақырыбын менің шәкіртім Рита Жұмағалиева арнайы зерттеп жүр. Ол осы тақырыпта бүгінгі конференцияға баяндама дайындап келіп отыр. Ал енді менің баяндамамда академик Р.Бердібай зерттеулеріндегі айтыс өнері мәселелері сөз болады.

Қазақ фольклорының аса күрделі жанры айтысты зерттеуде Р.Бердібай М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, Е.Ысмайыловтың, М.Жармұхамедовтың еңбектерін басты назарға ала отырып, олардың бұл саладағы игі ғылыми дәстүрлерін творчестволықпен ілгері дамыта білген. Сол сияқты XIX ғасырдың ғұламалары В.В.Радловтың, Ш.Уәлихановтың, П.М.Мелиоранскийдің, Г.Н.Потаниннің айтыс туралы айтқан аса құнды пікірлерін зерттеушілік мақсатына пайдалана біліп, оларға өзінің орынды әділ бағасын беріп отырады.

Р.Бердібай жоғарыда аталған айтысты зерттеушілер мен пікір айтушы ғұламалардың игі дәстүрін сақтай отырып, олардың ыңғайындағы уақыт пен кеңістік аясында қалып қоймай, бұл салада жаңа өріс, жаңа арна іздестіреді.

Айтыс тақырыбын бұрынғы таптық тар қапастағы таптаурын идеологиядан арылтып, жаңаша ғылыми бағытқа бұрып, ақиқатқа апаратын айқын жолдарын қарастырады. Айтысты жаңаша зерттеудің құнды ғылыми концепцияларын ұсынады.

Фольклортанушы ғалым Р.Бердібайдың ғылыми танымында айтыс – қазақ халқының табиғи болмысынан туындап қалыптасқан халық ауыз әдебиетінің ерекше жанры. Осы халықтың бойына біткен басқаларға ұқсамайтын ерекше ұлттық өзіндік құбылыс («феномен»). Сол себепті халқымыздың ауызша ақындық шығармашылығының биік шыңы айтыс өнері бұрынғы ғасырларда-ақ аса көрнекті Европа мен Шығыс ғалымдарының назарын өзіне ерекше аударды. Осы тұрғыда Р.Бердібай өз зерттеулерінде солардың кейбірінің аса құнды пікірлерін басты назарға алып отырады.

Алғашқысы академик В.В.Радловтың пікірі: «Сөз сұлулығына соншалықты рахаттанып ерекше ләззат алатын халықтың сөзге ең биік өнер ретінде қарайтыны өзінен өзі түсінікті. Сондықтан да қазақтарда халықтың ауызша шығармашылығы дамудың ең биік сатысына жеткен. Қазақ сөзге өте шешен келеді. Олар мақалдап ұйқаспен сөйлейді. Жай сөзінің өзі өлең болып құйылып жатады» [1.3].

Келесі аса көрнекті шығыстанушы ғалым П.М.Мелиоранскийдің пікірі: «Қазақтар – шешен әрі әдемі сөйлеудің үлкен шебері. Сөз өнерінің құдіретті



иелері импровизаторлар мен жырауларды олар аса қадір тұтып ерекше құрметтейді» [2.8].

Р.Бердібайдың бұл тақырыпта ерекше құрмет тұтып, басты назар аударғаны халқымыздың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың мына пікірі: «Көшпелі тайпаларды беталды лағыш жүрген тағы тобырлардың санатына қосатын жалған ұғым Европада әлі күнге дейін үстем болып келеді. Олардың ойларынша, көшпелі моңғолдар мен қазақтар мал сияқты жосып жүрген надан варварларға жақын болып шығады. Ал шынына келсек, бұл тағы деп отырған жұрттардың ғажайып ауызша сөз өнері бар. Солардың ішінде қазақ халқы айрықша көрінеді. Ақыл-ойы жағынан сахараның қазағы шаһарда тұратын татарлар мен түріктерден әлдеқайда жоғары жатыр. Мәңгі жұлдызды аспанның әсері ме, жоқ әлде сұлу табиғаттың әсері ме, оларда ақындық рух өте күшті» [3. 390].

Аталған ғалымдардың қазақ халқының ауызша шығармашылық өнерін, соның ішінде айтысты, оны шығарушы ақындардың ролін ерекше атап отырғандықтарын фольклортану ғылымындағы алғашқы ұлағатты әділ баға деп қараған лазым.

Енді осы тұрғыдан сөз өнерінің үздік саласы айтысқа, оны кейінгі кезеңде сұңғыла зерттеген академик ғалым Рахманқұл Бердібайдың еңбектеріне нақтырақ тоқталайық.

Айтыс, Р.Бердібайдың пікірінше, қазақ елінің тарихи, тұрмыстық-салттық, мәдени ерекшелігіне сәйкес туып қалыптасқан өзгеше жанр. Оның қиындығы, күрделілігі көпшілік алдында, тыңдаушы, сыншы жұрттың көз алдында туып орындалады. Небір күрделі дәлелдерді, салиқалы кесек ойларды, адам мінездемесін әрі шапшаң, әрі көркем өлең-жырмен кестелеу, оның өзін қарсыласының сөз ыңғайына қарай қиыстыру қиынның қиыны екендігін зерттеуші тап басып, дәл тауып айта білген. Сөйтіп, айтыс деген ұғым айтысу, жарысу, сынасу мағынасын береді. Ал енді айтысқа түсетіндер жай адамдар емес, ақындар ғой. Ендеше, айтыс – екі ақынның сөз жарысы, өнер жарысы.

Халқымыздың ежелден келе жатқан салты бойынша ақындар айтысында кімде-кім көрермен көпшіліктің алдында суырылып сөйлеп, қалың жұртты түгелдей аузына қарата білсе, өлең сөзбен қарсысындағы әріптес ақынды дәлелді, талқыр сөзімен, білгірлігімен тоқтата алса, ақын атына ие болған. Осы тұрғыда Р.Бердібай айтысты ақынның шындалу мектебі екендігіне күмән келтірмейді. Атап айтқанда, көркем сөзге ебі бар талапкерлер өзінің бағын бәрінен бұрын, айтыстан сынаған. Сөйтіп, айтыс ақын боламын деп талаптанғандардың үйрену, шындалу мектебі болған. Кейінірек айтыстың қас жүйріктері аталған ақындардың бәрі де алдымен осы мектептен өтіп, тәлім-тәжірибе жинаған. Сондықтан айтысты зерттеуші Р.Бердібай айтыс ақындарын жарысқа қосқан жүйрік тұлпарға теңейді. «Жігітке өлең де өнер, өнер де өнер, шын жүйрік өрге шапса өршеленер» дегендей шын жүйрік ақын ғана айтыс секілді өнер жарысында көпшілікке танылған. Мысалы: Жамбыл, оның ұстазы Сүйінбай, Шоже, Әсет, Кемпірбай секілді айтыс дүлдүлдерінің ақындыққа аттестат алған жері алдымен осы айтыс мектебі болған.

Енді Р.Бердібай зерттеулеріндегі айтыстың шарттары мен оған қойылатын талаптар мәселесіне келер болсақ, олар – алдымен табиғи дарын. Оның қажеттілігін акындардың өздері де ғылым да әлдеқашан мойындаған. Ондай қасиет акындардың бәріне емес, тек жекелеген өкілдеріне ғана тән. Осы табиғи дарынды ары қарай жетілдіретін дамытатын белгілі бір акындық дәстүр, мектеп қажет, яғни белгілі бір акынның алдынан өтіп, тәлім-тәрбиесін көріп, тәжірибесінен үйреніп, батасын алуы шарт. Мысалы, Жамбылға сондай пір тұтқан ақыны Сүйінбай болса, Абайға ұстаз Дулат Бабатайұлы болған.

Содан кейінгі айтыс акындарына қойылатын басты шарттар: өз бетімен үнемі ізденіс үстінде болу, жауапты айтыстарға қатысып тәжірибе жинап жүру, жиған тәжірибесін жетілдіріп, акындық талантын үздіксіз шыңдап отыру. Осы аталған шарттармен қатар айтыс акындарына қойылатын талаптарды да ешуақытта естен шығармаған жөн.

Олар атап айтсақ, мыналар:

Біріншіден, қандай бір айтыс болмасын белгілі бір атаулы тақырыпқа (датаға) арналады. Мысалы, ұлттық тәуелсіздік, ұлттық тіл, салт-дәстүр тақырыптарға арналған айтыстарда олардың жаңадан жандануы қайта түлеу мәселелері бәрі де сабақтасып жатуы қажет. Акындар үшін басты тақырыптан ауытқып, келелі мәселелерден сырт айналу, үлкен сын болып табылады. Қандай тақырып болмасын айтыс ақыны өзінің біліктілігін, өмірдің әр саласынан мол хабардарлығын, осыларды көпшілікке көркем сөз ұйқасымен шебер жеткізе білерлік шеберлігі, ой жүйелілігі болуы қажет.

Бұдан акындарға қойылатын екінші басты талап туындайды. Ол – акындық өре. Сөз сайысына түсуге бел буған акынға суырып салып төгіп айтушылық, табанда сауал қойып, табанда жауап бере алатын дарындылық керек.

Үшіншіден, айтыс акындарына тән қасиет жан-жақты білімділік, әдебиеттен, мәдениеттен, тарихтан, керек десеңіз, тіпті саясаттан мол хабардар болуы қажет. Сонда ғана олар өмір материалын кең қамтып, бүгінгі күннің ең ділгір деген мәселелерін объективті түрде күн тәртібіне қоя алады.

Р.Бердібай зерттеулеріндегі келесі концепция – айтыстың жанрлық ерекшелігі, оның ежелгі театр, сахна өнері болып табылатындығы, қазіргі айтыстарда да соның көптеген элементтерінің сақталу көріністері (аламан айтысы, сайыс айтысы т.б.). Айтыс – табиғатында демократиялық жанр. Өйткені айтысты көріп тыңдаушы барлық жерде де көпшілік халық. Бағалаушы да – сол көпшілік халық. «Халық айтса, қалт айтпайды» дегендей айтысушы акындардың қайсысы басым түскенін бағаларда көрермен көпшілік әсте жаңылмайды. Сөзі үстем түскен акынды ғана көрермен көпшілік қол соғып қошеметке бөлейді. «Ерекше атап өтерлік бір мәселе – айтыста кімнің жеңіп, кімнің жеңілгенін сынайтын, шешім айтатын тек тыңдаушылар екендігі. Сөзі үстем түскен адамды ғана халық төбесіне көтереді. Бұл арада туыстық, рулық, жершілдік, жікшілдік, топшылық сияқты «мықты» белгілердің бір де бірінің ықпалы жүрмейді», - деп жазады Р.Бердібай «Айтыс өнері» атты зерттеу еңбегінде [4.72].

иелері импровизаторлар мен жырауларды олар аса қадір тұтып ерекше құрметтейді» [2.8].

Р.Бердібайдың бұл тақырыпта ерекше құрмет тұтып, басты назар аударғаны халқымыздың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың мына пікірі: «Көшпелі тайпаларды беталды лағып жүрген тағы тобырлардың санатына қосатын жалған ұғым Европада әлі күнге дейін үстем болып келеді. Олардың ойларынша, көшпелі моңғолдар мен қазақтар мал сияқты жосып жүрген надан варварларға жақын болып шығады. Ал шынына келсек, бұл тағы деп отырған жұрттардың ғажайып ауызша сөз өнері бар. Солардың ішінде қазақ халқы айрықша көрінеді. Ақыл-ойы жағынан сахараның қазағы шаһарда тұратын татарлар мен түріктерден әлдеқайда жоғары жатыр. Мәңгі жұлдызды аспанның әсері ме, жоқ әлде сұлу табиғаттың әсері ме, оларда ақындық рух өте күшті» [3. 390].

Аталған ғалымдардың қазақ халқының ауызша шығармашылық өнерін, соның ішінде айтысты, оны шығарушы ақындардың ролін ерекше атап отырғандықтарын фольклортану ғылымындағы алғашқы ұлағатты әділ баға деп қараған лазым.

Енді осы тұрғыдан сөз өнерінің үздік саласы айтысқа, оны кейінгі кезеңде сұңғыла зерттеген академик ғалым Рахманкүл Бердібайдың еңбектеріне нақтырақ тоқталайық.

Айтыс, Р.Бердібайдың пікірінше, қазақ елінің тарихи, тұрмыстық-салттық, мәдени ерекшелігіне сәйкес туып қалыптасқан өзгеше жанр. Оның қиындығы, күрделілігі көпшілік алдында, тыңдаушы, сыншы жұрттың көз алдында туып орындалады. Небір күрделі дәлелдерді, салиқалы кесек ойларды, адам мінездемесін әрі шапшаң, әрі көркем өлең-жырмен кестелеу, оның өзін қарсыласының сөз ыңғайына қарай қиыстыру қиынның қиыны екендігін зерттеуші тап басып, дәл тауып айта білген. Сөйтіп, айтыс деген ұғым айтысу, жарысу, сынасу мағынасын береді. Ал енді айтысқа түсетіндер жай адамдар емес, ақындар ғой. Ендеше, айтыс – екі ақынның сөз жарысы, өнер жарысы.

Халқымыздың ежелден келе жатқан салты бойынша ақындар айтысында кімде-кім көрермен көпшіліктің алдында суырылып сөйлеп, қалың жұртты түгелдей аузына қарата білсе, өлең сөзбен қарсысындағы әріптес ақынды дәлелді, тапқыр сөзімен, білгірлігімен тоқтата алса, ақын атына ие болған. Осы тұрғыда Р.Бердібай айтысты ақынның шыңдалу мектебі екендігіне күмән келтірмейді. Атап айтқанда, көркем сөзге ебі бар талапкерлер өзінің бағын бәрінен бұрын, айтыстан сынаған. Сөйтіп, айтыс ақын боламын деп талаптанғандардың үйрену, шыңдалу мектебі болған. Кейінірек айтыстың қас жүйріктері аталған ақындардың бәрі де алдымен осы мектептен өтіп, тәлім-тәжірибе жинаған. Сондықтан айтысты зерттеуші Р.Бердібай айтыс ақындарын жарысқа қосқан жүйрік тұлпарға теңейді. «Жігітке өлең де өнер, өнер де өнер, шын жүйрік өрге шапса өршеленер» дегендей шын жүйрік ақын ғана айтыс секілді өнер жарысында көпшілікке танылған. Мысалы: Жамбыл, оның ұстазы Сүйінбай, Шөже, Әсет, Кемпірбай секілді айтыс дүлдүлдерінің ақындыққа аттестат алған жері алдымен осы айтыс мектебі болған.

Енді Р.Бердібай зерттеулеріндегі айтыстың шарттары мен оған қойылатын талаптар мәселесіне келер болсақ, олар – алдымен табиғи дарын. Оның қажеттілігін ақындардың өздері де ғылым да әлдеқашан мойындаған. Ондай қасиет ақындардың бәріне емес, тек жекелеген өкілдеріне ғана тән. Осы табиғи дарынды ары қарай жетілдіретін дамытатын белгілі бір ақындық дәстүр, мектеп қажет, яғни белгілі бір ақынның алдынан өтіп, тәлім-тәрбиесін көріп, тәжірибесінен үйреніп, батасын алуы шарт. Мысалы, Жамбылға сондай пір тұтқан ақыны Сүйінбай болса, Абайға ұстаз Дулат Бабатайұлы болған.

Содан кейінгі айтыс ақындарына қойылатын басты шарттар: өз бетімен үнемі ізденіс үстінде болу, жауапты айтыстарға қатысып тәжірибе жинап жүру, жиған тәжірибесін жетілдіріп, ақындық талантын үздіксіз шыңдап отыру. Осы аталған шарттармен қатар айтыс ақындарына қойылатын талаптарды да ешуақытта естен шығармаған жөн.

Олар атап айтсақ, мыналар:

Біріншіден, қандай бір айтыс болмасын белгілі бір атаулы тақырыпқа (датаға) арналады. Мысалы, ұлттық тәуелсіздік, ұлттық тіл, салт-дәстүр тақырыптарға арналған айтыстарда олардың жаңадан жандануы қайта түлеу мәселелері бәрі де сабақтасып жатуы қажет. Ақындар үшін басты тақырыптан ауытқып, келелі мәселелерден сырт айналу, үлкен сын болып табылады. Қандай тақырып болмасын айтыс ақыны өзінің біліктілігін, өмірдің әр саласынан мол хабардарлығын, осыларды көпшілікке көркем сөз ұйқасымен шебер жеткізе білерлік шеберлігі, ой жүйелілігі болуы қажет.

Бұдан ақындарға қойылатын екінші басты талап туындайды. Ол – ақындық өре. Сөз сайысына түсуге бел буған ақынға суырып салып төгіп айтушылық, табанда сауал қойып, табанда жауап бере алатын дарындылық керек.

Үшіншіден, айтыс ақындарына тән қасиет жан-жақты білімділік, әдебиеттен, мәдениеттен, тарихтан, керек десеніз, тіпті саясаттан мол хабардар болуы қажет. Сонда ғана олар өмір материалын кең қамтып, бүгінгі күннің ең ділгір деген мәселелерін объективті түрде күн тәртібіне қоя алады.

Р.Бердібай зерттеулеріндегі келесі концепция – айтыстың жанрлық ерекшелігі, оның ежелгі театр, сахна өнері болып табылатындығы, қазіргі айтыстарда да соның көптеген элементтерінің сақталу көріністері (аламан айтысы, сайыс айтысы т.б.). Айтыс – табиғатында демократиялық жанр. Өйткені айтысты көріп тындаушы барлық жерде де көпшілік халық. Бағалаушы да – сол көпшілік халық. «Халық айтса, қалт айтпайды» дегендей айтысушы ақындардың қайсысы басым түскенін бағаларда көрермен көпшілік әсте жаңылмайды. Сөзі үстем түскен ақынды ғана көрермен көпшілік қол соғып қошеметке бөлейді. «Ерекше атап өтерлік бір мәселе – айтыста кімнің жеңіп, кімнің жеңілгенін сынайтын, шешім айтатын тек тындаушылар екендігі. Сөзі үстем түскен адамды ғана халық төбесіне көтереді. Бұл арада туыстық, рулық, жершілдік, жікшілдік, топшылдық сияқты «мықты» белгілердің бір де бірінің ықпалы жүрмейді», - деп жазады Р.Бердібай «Айтыс өнері» атты зерттеу еңбегінде [4.72].

Сол себепті айтыс халық ауыз әдебиетінің басқа жанрларынан өзінің демократиялық сипатымен ерекшеленеді. Мұнда біреудің беделі, біреуге бүйрек бұрушылық деген болмайды. Айтыста үлкен-кіші, ер-әйел, төре-қара бәрінің де терезесі тең. Бәрінің де айтыс өнері алдында дәрежесі бірдей. Кім өнерімен асса, сол үстем. Дәреже, бедел, лауазым сияқты факторлар мұнда есепке алынбайды. Мысалы, Жанақ он жеті ақынды қатарынан жеңіп келіп, Сабырбай деген жас баладан жеңілген. Сол сияқты Сүйінбай әйел заты Күнбаладан жеңілген, өз кезегінде ол Тезек төремен тең дәрежеде айтысқан.

Қайбір зерттеушілердің болмасын, соның ішінде Р.Бердібайдың да айрықша назар аударғаны айтыстың қоғамдық-әлеуметтік сипаты мәселесі. Ол туралы академик Р.Бердібай былайша ой толғайды: «Егер батырлар жырынан өткен заман оқиғаларының халық қиялымен ұласқан шындығын көзге елестетсек, айтыстан қоғам, адам өмірінің нақтылы, жанды, көкейкесті заманалық куәліктерін табамыз. Айтыс өзінің жанрлық нақышымен, асқан шыншылдығымен, тіршілік сұрауларын кең де кемел қамтуымен айрықша қымбат» [4, 70].

Айтыста әрбір тарихи кезеңнің ең көкейкесті ірі мәселелері әдебиеттің басқа қай жанрынан (проза, поэзия, драматургия т.б.) болмасын тез, өткір, кең мағынада көтерілетіндігін бұрынғы Біржан-Сара айтысынан, сол сияқты Жамбылды, Сүйінбайдың тағы басқалардың айтыстарынан анық көреміз. Қоғамдық-әлеуметтік өмірдің көптеген көлеңкелі жақтары, жасырын жаралары бәрі де айтыста айтылады. Тіпті, кешегі кеңес заманының қыспақ күндерінде де жүректен жарып шыққан шындық сөздерін айтып, ақиқатты батыл өткір айта алған алдымен осы айтыс ақындары болатын. Тұтас қоғамдық өмірдің, жеке адам тағдырының алуан түрлі сырлары мен сырқаттарын, әлеуметтік өмірдің қайшылықтары мен қалтарыстарын көрермен халыққа эстетикалық ләззат алатындай көркем сөз, ұтымды ойлармен бере білу айтыс жанрының өзіне тән басты ерекшелігі болып табылады. Айтыстың күдіреттілігі – екінің бірінде көңілде жүрсе де, жария бола бермейтін шындықты бетің бар, жүзің бар демей ашып, әшкерелеп айта білетіндігінде. Айтыстың осындай жанрлық ерекшеліктерін талдай келіп, Р.Бердібай «әлеуметтік үкімі, төте батылдығы жағынан бұған ауыз әдебиеті дәстүрінде жасалған туындының бірде бірі тең келе алмаса керек», - деп ойын түйіндейді.

Әдебиеттің қазіргі күнгі көкейкесті мәселелеріне арналған жиындарда, елбасының жазушыларды қабылдаған кездерде айтқан ескерту сындарында көркем әдебиетте тәуелсіздік алғаннан кейінгі соңғы он алты жылдағы қоғамдық-әлеуметтік өмірдің шындықтарын ашу жағы жетіспей жатқандығы жиі айтылып жүр. Бұл ретте, бүгінгі өмір шындығын, ондағы келеңсіз көріністерді дер кезінде батыл ашуда айтыстың әдебиеттің басқа жанрларынан артықшылығы мол. Қоғамда болып жатқан сан түрлі құбылыстарды жедел көре білу, жетістіктерін жеріне жеткізе айта алу, кемшіліктерін де дер кезінде аша білу жағынан айтыс өзінің ұрымтал жанр екендігін көп жерлерде көрсетіп келеді. Оны қазіргі айтыстың жаңа қадамдарынан, бүгінгі ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдаланып

бұрынғыдан да кең арнаға шығу мүмкіншіліктерінен айқын көруге болады. Қазіргі айтысты сол болып жатқан орынның көрермендері ғана көріп, тамашалап баға беруімен шектелмейді. Ғылым мен техниканың жетістіктері негізіндегі жаңа байланыс жүйесі арқылы Республиканың барлық аймақтарының көрермендері тікелей көріп бағалап, дауыс бере алады.

Қазіргі айтыстағы тың жаңалықтар оның техникалық ұйымдастырушылық жақтарын ғана емес, соның негізінде бұрын болмаған жаңа салалары мен түрлерін тудырып отыр. Мәселен республикалық дәрежедегі бірнеше сатылы жарыс айтыстар, оның таныстыру, қайымдасу, түре айтыс, сүре айтыс түрлері соңғы кезде теледидардан жиі көрсетіліп жүр. Сол сияқты аламан айтыс, оның талдау, самғау, жалғау түрлерін айтыс өнеріндегі соңғы кездің жаңалықтары санатында атауға болады. Айтыс өміршең өнер болғандықтан болашақта оның жаңа салалары мен түрлері пайда болатыны анық. Бірақ ондай жаңалықтар бұрынғы классикалық айтыстың ғасырлар бойы қалыптасқан баға жетпес асыл дәстүрлерінен ажырау емес, қайта соларды терең игеру нәтижесінде ғана қазіргі айтыс бүгінгі өмір талабына сай биік тұғырға көтеріле алады. Өкінішке орай, қазіргі айтыскер ақындардың көпшілігінде осы жағы әлі де жетіспей жатқан секілді. Мәселен қазіргі айтыс ақындарының әруақытта естерінде болуға тиіс айтыстың ежелгі дәстүрі айтысқа түсіп алғаш сөз алған ақынның шу дегеннен қарсысындағы әріптесінің апшысын сөзбен қуырып, айтысты дауылдатып, құйындатып бастауы, төкпе өлең тағылымы қазіргі айтыста көрініс таппай келеді. Осындайда қарсы жақтағы ақын осы бір тосын шабуылға сескеніп, әбіржіп қалмай, төтеп беріп айтыстың көрігін ары қарай қыздыра алса, айтыс аса қызықты, әрі тартымды өтеді. Оның үстіне көпшілік кеу-кеулеп дем бергенде, ақындық шабыт өзінің шарықтау шегіне (апогейіне) жетіп көпшілік көрерменді аса бір қызық қуанышқа бөлейді. Көрермен көпшілік «ертеден шапса түске озған, ылдидан шапса төске озған» жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар нелер сөз иелерінің айтыс өнерлеріне тәнті болады. Мұндай жайлар бұрынғы классикалық айтыстарда жиі ұшырап отырады. Мысалы, ат үстінде мың шақырым жолды артқа салып Көкшетаудан Жетісуға Сараны әдейі айтысуға іздеп келген Біржан:

Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,  
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері,  
Жолықпай сөзі өктемде жүрген шығар.  
Ауылында Тұрысбектің өлер жері...  
Ақиық мұзбалақпын жерге түспес,  
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес,  
Басайын аптығыңды тез шық, Сара,

Сен түгіл әкендеймен болдым істес – деп Сараға төкпе өлеңмен дауылдатып, құйындатып келіп тиіседі. Сара алғашында сескеніп қалады. Бірақ ақындық намысын жібермей, бойына қайрат жігер жинап өз ретінде төмендегідей жауап қатады:

Өз басым ұрғашының сөз дүлдүлі,  
Иран бақ бет бітісім піскен гүлі,

Біржан сал ажал айдап өзің келдің,  
Іздеуге қамданып ем өткен жылы.  
Ей, Біржан, жасың үлкен, жолың аға,  
Қымбаттығым белгілі білсең баға,  
Қамысты терең көлдің сұқсұрымын,  
Қаңғыған ілдірмеймін қаршығаға.

Не деген терең мағыналы өлеңмен өрнектеген аса терең сұрақ-жауаптар. Бірде-бір дәрекі сөздер кездеспейді. Бастан-аяқ шын мәніндегі өлең жарысы, нағыз өнер жарысы бұл айтыс.

Өкінішке орай, қазіргі айтыста осы дәстүр күңгірттеніп көрінбей барады. Қазіргі айтыстарда қарама-қарсы жақтың ақындары бірінің сөзіне бірі құлақ аспай ауа жайылып кетеді. Соның салдарынан қазіргі айтыстардың көпшілігі тартымсыз, қызықсыз өтеді.

Біржан мен Сараның жас айырмашылығы үлкен. Соған қарамай айтыста бір-біріне тең дәрежеде батыл сөйлейді. Қазіргі айтыс ақындары бір-бірінен бір-екі жас үлкен, не кіші болса, аға-іні болып немесе апа-бауыр болып шыға келеді. Әдеп сақтаған болып, бір-біріне батыл сөйлеуге жалтарады. Қазақта «өнерде өрелік жоқ», «әзілің жарасса, атаңмен ойна» деген дәстүрді ұмытпаған жөн.

Айтыстағы қыз бен жігіттің жұбы – бұрыннан келе жатқан дәстүр. Бұл айтыстың сәні, салтанаты екендігі көпке мәлім. Солай болғанмен қазіргі айтыста осы жұп арасында бір-бірінің өнеріне деген құрмет, әділ бағалау жағы жетпей жатқан секілді.

Сонымен айтыстағы дәстүр жалғастығы мәселесінде осы жанрды әр қырынан сұңғыла зерттеуші ғалым Р.Бердібайдың айтыстағы тақырып таңдау дәстүрі, оны тапқыр, төкпе өлеңмен жеткізе білу, айтысты киелі өнер санап, оған сай қоғамдық пікір қалыптастыру, оны салиқалы қоғамдық пікір мінбері дәрежесіне көтеру, халықтық қасиеттің қайнар негізі ретінде бүгінгі мәдени мұра бағдарламасына енгізу, айтыс өнеріндегі дара тұлғаны анықтау, тіл ажары болып табылатын айтыс өнерін қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін биіктетудегі ролін басты назарда ұстау туралы терең тұжырымдарын қазіргі айтыс тәжірибесіне батыл енгізіп дамыту – басты заман талабы.

Сайып келгенде, менің осы конференциядағы сөзіме арқау болған академик-ғалым «Рахманқұл Бердібай – айтысты зерттеуші» тақырыбы өткен ғасырдың 70-80 жылдары дүниеде теңдесі жоқ ғажайып өнер айтыстың жаңадан қарқын алып, қаз тұрып кетуіне қызу атсалысқан, оның барлық қырлары мен сырларын жіті сарапқа салып, терең зерттеген ғалым туралы болды. Р.Бердібайдың қазақ фольклорындағы айтыс жанрын зерттеуі туралы салиқалы, салмақты сөздер алдағы уақыттың еншісіне кірмек. Бүгінгі сөз соның бастамасы ғана.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Түрік тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары. СПб, 1870, III том.
2. Краткая грамматика казах-киргизского языка. Часть I. СПб, 1894.

3. Бердібай Р. Таңдамалы шығармалары, Алматы, 1985, 1-том.
4. Бердібай Р. Сарқылмас қазына. Алматы: Мектеп, 1983.
5. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Зерттеулер, мақалалар. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. 318-360 б.
6. Әуезов М. Шығармалары. Он екі томдық. Алматы: Жазушы, 1969. 420-472 б.
7. Бердібай Р. Айтыс әлемі. Түркістан, 2000.
8. Бердібай Р. Бес томдық шығ. жинағы. 2-том. Алматы: Қазығұрт, 2005. 389-459 б.